



### Ел жаңалықтары

## Оқушылар қашықтан оқи ма?

Денсаулық сақтау министрлігі оқушылар ЖРВИ және тұмау аурулары көтерілген жағдайда қашықтан оқытуға ауыса алатынын мәлімдеді. Алайда Оқу-ағарту министрлігі бұл ұсынысты қолдамапты. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті мәлімдегендей, бас санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес, ЖРВИ мен тұмау ауруының жоғарылағанда оқушылардың қашықтан оқуға көшуіне болады.



Комитет өкілдерінің хабарламасында бір инкубациялық кезең ішінде бір сыныптағы оқушылар арасында 20-30 пайызға дейінгі ЖРВИ ауруы тіркелсе, күнтізбелік он күн ішінде сыныптарға жаңадан бала қабылдауға тыйым салу ұсынылатыны көрсетілген. Эпидемиялық процесске ЖРВИ-мен ауыратын науқастардың жалпы саны 30 пайыз және одан көп болған жағдайда бір инкубациялық кезең ішінде оқушыларды онлайн оқытуға ауыстыру жүзеге асырылатыны баяндалған.

Санитарлық дәрігерлер атап өткендей, бұған дейін мектеп оқушылары тек коронавирустың өршуіне байланысты онлайн оқуға көшкен. Тұмау мен ЖРВИ алғаш рет оқушыларды қашықтан оқытуға ауыстыруға себеп болуы мүмкін. Ал Оқу-ағарту министрлігі сыныптарда ЖРВИ өршіген жағдайда балаларды онлайн оқытуға ауыстыру туралы ұсыныспен келіспейтіндерін хабарлады.

«Әлемде мектептер бірінші болып ашылып, соңғы болып жабылады. Бұл туралы ЮНИСЕФ өкілдері де мәлімдеді. Біз балалардың толыққанды сапалы білімі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуді маңызды деп санаймыз. Оқу-ағарту министрлігі онлайн-режимде оқыту бойынша ұсынысты қолдамайды» деп түсіндірді ведомствода.

Айта кетейік, бұған дейін денсаулық сақтау министрлігінің өкілі Роза Қожанова эпидемиялық маусым басталғаннан бері Қазақстанда ЖРВИ-дың 764 247 жағдайы тіркелгенін хабарлаған болатын.

### Сайлау – 2022

## Таңдау жасау – азаматтық парыз

Кезектен тыс өткізілгені жатқан Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы да жақындап қалды. Нақтысын айтсақ, 12 күн қалды. Орталық сайлау комиссиясынан бөлек, барлық өңірлерден аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары құрылып, жалпыхалықтық дауыс беруді дайындау және өткізу мәселелері пысықталып жатыр. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы өңірлерді аралап жүр. Мақсаты – сайлаушылардың тізімдерін нақтылау, ұйымдастыру, материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету, мүмкіндігі шектеулі жандарға сайлауға қатысуға жан-жақты жағдай жасау, сайлау бюллетендерін қадағалау сияқты әзірлік жұмыстарымен танысу.

Қуат АХЕТОВ



Президент сайлауына үміткер ретінде ұсынылып, тіркелген 7 үміткер де халыққа өз бағдарламаларын таныстырды. Қоғамның ер саласында, әсіресе әлеуметтік желілердің бүгінгі басты тақырыбы – сайлау. Сайлауға қатысты сан түрлі пікір білдіріп жатыр. Пікір қайшылықтары да бар. Бірақ солардың көбі айналып келгенде бір арнаға тоғысады. Яғни ел тұрғындарының дені Қасым-Жомарт Кемелұлын қолдап дауыс беретінін айтады. Әрине бұл алдағы сайлауда кандидат Қасым-Жомарт Тоқаев басым дауыс жинап, Президент болады деген сөз емес. Бірін алдағы сайлаудың қорытындысы көрсетеді. Тек бұл біздің әлеуметтік желіні бір шолып шыққанда байқаған сайлау алдындағы халықтың жеке пікірлері ғана.

Жаңа Қазақстанды құруды мұрат тұтқан Президенттің үміткерлер сайлаудың барынша демократиялық жолмен әділ өрі белсенді түрде өтетініне сенімді. Елімізде сайлау барысын байқаушы комиссиялар да құрылды және демократиялық мемлекеттердің заңына сәйкес, шет мемлекеттерден де байқаушылар келеді. Әрине жергілікті және халықаралық байқаушылар заңнамада көрсетілгендей, сайлаудың өркін және ашық сипатын, демократиялық сайлау саласындағы халықаралық қағидаттар мен міндеттемелерге сәйкес болуын қадағалап, сайлау үдерісінің ашық өрі әділ өтуіне үлес қосады.

Қазірде еліміз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Мемлекет басшысы сын сағатта маңызды шешімдер қабылдап, батыл қадамдар жасады. Соның нәтижесінде

ел дамуын жеделдететін бағдарламалар қабылданды. Енді соларды жүзеге асыру мақсатында жұмыстар жасалып жатқанын естіп, көріп қуануымыз. Жұырда өтетін кезектен тыс Президент сайлауына жаппай қатысуға халықтың белсенділігі жоғары деп ойлаймын. Қазір елшік елдік істерге бейжай қарамайды және саяси науқандардың кезінде де бейтарап қалмайды. Халықтың саяси санасы қалыптасқан. Оған куә болып жүрміз. Қоғамдық орындарда, қоғамдық келістерде тұрғындарды алдағы сайлау толғандыратынын өзара өңгімелерінен байқауға болады. Ал біз 20 қараша күні отбасымызбен сайлау учаскесіне барып, өз таңдауымызды жасаймыз және бұны Қазақстан азаматы ретіндегі міндетіміз деп білеміз, – дейді аудан тұрғыны Мира Қираева.

Әрине алдағы сайлауға қатысу немесе қатыспау және таңдау жасау еліміздің әрбір азаматының өз еркінде. Әйтсе де, біз үміткерлерді таңдау арқылы еліміздің болашағын қалыптастыратынымызды ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан алдағы сайлауға қатысуға халықтың белсенділігі жоғары деп ойлаймын. Қазір елшік елдік істерге бейжай қарамайды және саяси науқандардың кезінде де бейтарап қалмайды. Халықтың саяси санасы қалыптасқан. Оған куә болып жүрміз. Қоғамдық орындарда, қоғамдық келістерде тұрғындарды алдағы сайлау толғандыратынын өзара өңгімелерінен байқауға болады. Ал біз 20 қараша күні отбасымызбен сайлау учаскесіне барып, өз таңдауымызды жасаймыз және бұны Қазақстан азаматы ретіндегі міндетіміз деп білеміз, – дейді аудан тұрғыны Мира Қираева.

### Бағдарлама игілігі

## 300 жоба қолдау тапқан

Өңір өркендеу үшін жергілікті бюджетке түсетін түсімде де айтарлықтай қарқын болуы шарт. Бұл ретте кәсіпкерлік саласын дамыту ерекше маңызға ие екені айтпаса да белгілі. Мемлекеттің аталған салада серпін қалыптастыру мақсатында қаржылай қолдауға басымдық беріп жатқаны сондықтан. Бастысы, бүгінде ел оның игілігін көріп, түрлі жобаларды жүзеге асыруда. Басқасын былай қойғанда, сол түрлі бағдарламалардың жемісін бір ғана Жалағаш ауданынан байқауға болады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Иә, бұрын іс бастауға елде айтарлықтай ынта болмайтын. Көбісі ай сайын жалақы алатын жұмысқа тұрғанды құп көреді. Бастысы, орналасып алса болды, айлығының көлеміне аса бас қатырмайтын. Ал қазір ше, қазір мүлде басқа. Яғни халықтың көзқарасы өзгерген. Бүгінде олар тұрмыс сапасын арттырудың тиімді тетігі кәсіп бастау деп түйді. Негізі солай.

Жалағаштықтар да жыл сайын түрлі бағдарламалардың көмегімен мемлекеттен қаржылай қолдау тауып отыр. Бізді бүгінде оның нәтижесі бары қуантады. Қазір жергілікті салыққа да түсетін түсім көлемі артып келеді. Бұл дегеніңіз өңірде аталған салада айтарлықтай серпін барын білдіреді.

Іс бастаймын деген жандарға бүгінде пайыздық үстемақысы төмен несиеден бөлек қайтарымсыз қаражат та үлестірілуде. Былтырлары 600 мың теңгеге дейін шағын кәсіпкерлікке бағытталған жоба авторларына қайтарымсыз қаражат үлестірілсе, биыл оның көлемі 1 млн 200 мың теңгеден асып жығылады. Нарықтағы кез келген тауардың құбылған бағасын бағамдасақ, мұны қаржының құнсыздануымен байланыстырамыз. Алайда шағын кәсіп ашуға бұл таптырмас мүмкіндік.

Биыл ауданда жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантқа 367,6 млн теңге қаражат қаралған. 109 млн теңгесі ел

қазынасынан бөлінсе, Ұлттық қордан 258,6 млн теңге қаралыпты. Негізінен жыл соңына дейін 300 адамды қайтарымсыз қаражатпен қамтамасыз ету көзделсе, жоспар қазірдің өзінде 100 пайызға орындалып, қарашаға дейін 300 жоба қаржыландырылды.

Енді қазір аудан бойынша бұл қаражатқа қол жеткізуде қай өңірлер басымдыққа ие, қай елді мекендерде кәсіпкер айналысуға ынта барын да төмендегі сандардан аңғару қиын емес. Бұл туралы бізге берген Жұмыспен қамту орталығының мәліметі не дейді? Тарқатайық...

Жалпы қайтарымсыз грантты жоба авторларына үлестіруге арналған 4 рет комиссия отырысы өткен. Ең алғашқысында 2 адам үміткер болып қатысып, Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантты бытыр «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша оқуын аяқтаған 1 адам мал шаруашылығы бағытында комиссияның оң шешімін алса, келесісі қолдау таппаған. Ал келесі комиссия отырысында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантқа оқуын аяқтаған 79 адам комиссия отырысына қатысып, оның 62-сі бизнес жоспарын қорғап, комиссияның оң шешімін алған, 1 адам тұрақты жұмысқа орналасуына байланысты грант қаражатынан бас тартыпты, ал қалған 17 адамның жобасы қолдау таппаған.

Үшінші мәрте өткен отырыста жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантқа оқуын аяқтаған 178 адам қатысуға өтініш беріпті, оның 92-сі бизнес жоспарын қорғап, комиссияның оң шешімін алған, 86 адамның түрлі жобасы қолдауға ие болған жоқ. Ал соңғы рет қазан айында өткен жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантқа оқуын аяқтаған 363 адам қатысуға өтініш беріп, оның 146-сы бизнес жоспарын қорғап, комиссияның оң шешімін алған, керісінше 217 адамның жобасы қолдау тапқан жоқ.

Қайтарымсыз қаражаттың әрбір өңірге үлестірілуі мекесіне келсек, Жалағаш кенті бойынша негізінен 111 адамға грант беру жоспарланған. Десе де 165 адамның жарқын жобасы қаржылай қолдау тапты. Ал ауылдық елді мекендерге келсек, Аққум ауылы бойынша 17 адамның жобасы меже бойынша қолдау табуға тиіс болса, бүгінде дейін 10 ауыл тұрғыны қаржылай қолдауға ие болған. Шалғайдағы Аққыр ауылдық округі бойынша меженің орындалуы 50 пайызға да жетпейді. Мәселен, бұл елді мекеннен 10 адамның жобасын қаржыландыру мекеленсе, бүгінде дейін 4 жоба қолдау тауыпты. Бұл ретте аталған ауылдан келген жоба авторларының саны аз болғанын айта кеткен жөн.

Аудан іргесіндегі Ақсу ауылы – негізінен кәсіп бастауға және оның жемісін көруге қолайлы жер. Кентке жақын орна-

ласқандықтан бұл ауылда өнім өтпей қалады деген іскер азаматтарда күмен аз болатыны сөзсіз. Сондықтан болар, кешеге дейін комиссия отырысында ақсулық ағайындар бірнеше жоба қорғады. Олардың кәсіп ашуға ынталы екені анық байқалды. Мәселен, аталған елді мекен бойынша 12 жоба қаржылай қолдау табуы тиіс болса, бүгінде дейін 15 жоба сәтті қорғалған. Ал Аламекек ауылдық округі бойынша 14 жобаға дейін қолдауға мүмкіндік болған. Бірақ бүгінде дейін 8 жоба сәтті қорғалған.

Бұқарбай батыр ауылы бойынша 15 жобаны қолдауға мүмкіндік болды. Бірақ бүгінде дейін 13 жоба қаржыландырылған. Бұл елді мекенде де кәсіпкерлік саласына жергілікті тұрғындардың қызығушылығы басым екенін айта кеткен жөн. Еңбектен 10 жоба қолдау қажет болса, меже бүгінде дейін 60 пайызға орындалған. Ал Жаңадария ауылы бойынша меже 43,7, Қаракөкпенде 78,6, Жаңаталпа 25, Мақпалкөлде 46,7, Мәдениетте 163,6, Мырзабай ахунда 46,7, Таңда 141,7, М.Шәменовте 66,7 пайызға орындалып отыр.

Тиісті қаражатқа қол жеткізгендердің алды бүгінде кәсіпті бастап кетті. Аудан бойынша 300 жобаның қолдау табуы өңірде 300 шағын кәсіпорын жұмысын бастағанын білдіреді. Осыдан-ақ ауданда аталған салада айтарлықтай серпін барын, оған мемлекеттік бағдарламаның көмегі тиіп жатқанын аңғару қиын емес.

### БАСПАСӨЗ – 2023

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбейіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Қызылордискіе весті (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Қызылордискіе весті (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

**СҮЙІКТІ БАСЫЛЫҢЫЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!**



## ТҰМА

балалар шығармашылығына арналған бет

### ҚҰРАҚТАЙ БАЛҒЫН, БҰЛАҚТАЙ МӨЛДІР

Біздің басылым бұдан бұрын Балалар жылына орай балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті жас ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырмандарға паш еткен едік. «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген ақын, жерлесіміз, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Қуат Ахетовтің кішкентай балақайларға арналып жазылған бір топ өлеңдеріне де кезек келді. Бұл тартуымыздың жас жеткіншектерге керемет көңіл-күй сыйлауына тілектеспіз!

#### Асықтарым көп менің

Қатал кейде қала тым,  
Аула да тар, тар үй де.  
Ойнап асыр салатын,  
Ауыл жақсы, өрине!

Жүр ем жазда барам деп,  
Ертіп кетті ағам кеп.  
Атам, әжем жинапты,  
Бір қалта асық маған деп.

Шырласам үй маңын,  
Берер маған сыйға кім?  
Сақамды атып тағы да,  
Бір қалта асық жинадым.

Ойынға-ойын ұласып,  
Мергендікті сынасып.  
Бір жұмада тер төгіп,  
Жинап алдым мың асық.

Қайтып үйге олжалы,  
Қуанттым мен атамды.  
Асығынан құлжаның,  
Сайлап берді сақамды.

Әжем үшін дәл бүгін,  
Ойыншылар алдымын.  
Бояп берді сан түске,  
Асығымның барлығын.

Қалада енді күй бөтен,  
Ауламыз тар, қиын-ақ.  
Сонда да асық үйретем,  
Достарымды жиып ап.



#### Бақбақ

Біздің бақта бақбақ бар,  
Атын ойға жаттап қал.  
Секілді олар аспаннан,  
Жаңа жауған аппақ қар.

Ұлла қардай түрге өніп,  
Тұрады олар бүрленіп.  
Теріп алып бір-бірлеп,  
Үпелегін үрледік.

Кішісі бар, үлкені,  
Бірақ, бірдей түр, тегі.  
Гүлтәж жасап киеміз,  
Гүлдерінен күлтелі.

Бақтың сәні бұл да өсем,  
Бей-берекет жұлма сен!  
Бақбақ жаман болса егер,  
Мен күзетіп тұрмас ем.



#### Бағдаршам

Тәртіп керек түзге,  
Қалаға да жөнө.  
Бағыт сілтеп бізге,  
Бағдаршам тұр, өне!


Көше бойы тоқтап,  
Барынша сақ болғын.  
Ал есіңе сақтап,  
Ережесін жолдың.

Қиылыста қалсаң,  
Қара!  
Көлік жоқ па?  
Қызыл көзі жанса,  
Қауіп саған  
Тоқта!

Асығыс бол, мейлі,  
Өте алмасың анық.  
«Ал дайындал!» дейді.  
Сары көзі жанып.

Түр енді сең балам,  
Бағдаршамды бағып.  
Жол ашады саған,  
Жасыл көзі жанып.

Қарсы бетке өттің,  
Ал енді оны жаттап.  
Сол арқылы көптің,  
Қал өмірін сақтап!



#### Жетім лақ

Сүп-сүйкімді ақ лақ,  
Салпаң құлақ сақ лақ.  
Тұрады ол қорада,  
Күні бойы маңырап.

Ортадан жай берсек те,  
Қашып шығар ең шетке.  
Барлығы оны мүйіздеп,  
Жолатпайды жем-шөпке.

Болады оған пана кім?  
Жанашыр – мен ғанамын.  
Бұзау менен қозыдан,  
Арашалап аламын.

Көңіл-күйі күпті лақ,  
Тыншымайды түк бірақ.  
Саусағымды түркілеп,  
Маңырайды сүт сұрап.

Төл туса атам «құт» деген,  
Сол сөзім мен құп көрем.  
Қос бүйірі шыққанша,  
Емізікпен сүт берем.

Тойып алып көкіріп,  
Ойнамайды секіріп.  
Мен қалаға қайтқанша,  
Кетсе екен тез жетіліп.



#### Саңырауқұлақ

Қарап келем үңіле,  
(Біледі оның жайын кім?)  
Қарағайдың түбіне,  
Қалқасына қайыңның.

Жаңбыр жауса сол маңға,  
Өседі олар топтана.  
Тұрған сынды орманда,  
Қалпақ киген көп бала.

Үй мен орман арасың,  
Жүрмін қазір жол қылып.  
Алдым, міне, қарашы!  
Себетімді толтырып.



#### Ұшатын гүлдер

Қарындасым Нұркерім,  
Ентіге алып тұр демін.  
Айтты аптығып гүлдердің,  
Аспанда ұшып жүргенін.


Көкорайлы көктемде,  
Көктен жауын төккенде.  
Құрбысымен барыпты,  
Гүл теруге бекетерге.

Табиғатты жыр етіп,  
Тұрған түзді түлетіп.

Гүлді жұлам дегенде,  
Кетіпті ұшып дүр етіп.

Жұламын деп жүргенде,  
Аспанға ұшқан бір демде.  
Таңқалып тұр Нұркерім,  
Қанат біткен гүлдерге.

Көктем шықса керемет,  
Гүл терудің жөні ерек.  
Болап шықты олардың,  
Гүл дегені – көбелек.



#### Нөсер

Бұлт торлады аспанды,  
Көк жүзінен жас тамды.  
Сап тийліп долы жел,  
Нөсер жауын басталды.

Көк аспанның күркірі,  
Тал-теректі сілкіді.  
Адамзатқа – несібе,  
Жаздың осы бір күні.

Қара нөсер құйды бір,  
Жер-Ананы сүйді нұр.  
Ауырсынып тамшыны,  
Басын төмен иді гүл.

Ақ күшігім бұғынды,  
Үйшігіне тығылды.  
Балапандар пана іздеп,  
Өрлі-берлі жүгірді.

Аспан қайта нұрланды,  
Шуақ шашты күн нәрлі.  
Нөсерден соң құлпырып,  
Қырда алаулап гүл жанды.

Ауыл да енді ажарлы,  
Дала да енді базарлы.  
Бақшадағы бар ағаш,  
Шаң-тозаңнан тазарды.


Жапырақтан ән құлап,  
Бір жаңарып қалды бақ.  
Саф ауамен тыныстап,  
Дала жатыр балбырап.

Тіршілік те жанданды,  
Нұр көмкерді бар маңды.  
Жер мен көктің арасы,  
Жібек жіппен жалғанды...





# Құнды жәдігер – көне тарихтың куәсі



**Ел ауызында «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер» деген сөз бар. Түп-тамырына үңілсеңіз, тектілігін тік тұрып күзеткен ұлттың тарихын қалай құрмет тұтқанын түсінеміз. Яғни кешегі күніңді, төл тарихыңды танып-білмей, болашақты, бүгінгі күніңді сөз ету мүмкін емес. Тарихтың том-том қатпарларын, ел басынан өткен кезеңдер мен нәубет келгенде көш бастаған, ел бастаған батыр-баһадүрлерді жадымызда жаңғыртпай, олардың ерлігіне бас имей бүгінгі күнге жеттім деу бабалар алдында сатқындық болар.**

Жалпы XIX ғасырда патша отаршылдарына қарсы ұлт-азаттық күрес жүргізген Кеңесары хан мен оның қасында бірге болған, елге, халыққа белгілі адамдар көп еді. Солардың бірі – Кеңесары туралы деректерде жиі айтылатын халық батыры Бұқарбай Естекбайұлы. Бұқарбай батырдың даңқы тек Сыр өңірінде ғана емес, тұтас қазақ сахарасына ерлігімен танымал. Біз осындай батырдың біздің өңірден шыққанын мақтан тұтамыз.

Бұқарбай батырдың өмірі мен жорық жолдарынан сыр шертетін жәдігерлер, Орынбор, Ташкент, Алматы қалаларындағы мұрағаттардан алынған құжаттардың көшірмелері, қару-жарақтар коллекциясы сынды тағы басқа да құнды жәдігерлер көрініс тапқан. Сонымен бірге мұнда сонау XX ғасырдың 20-30 жылдары құрылған ауылдың Кеңес үкіметі мен нәубет жылдарынан бастап, қазіргі заманға дейінгі тарихи жайлы мәліметтер беретін құнды материалдар қамтылған.

Музейге кіреберісте Бұқарбай батырдың ескерткіші қойылған. Гимараттың бірінші залында картиналар орналасқан. Бұл картиналарды батырдың мерейтойы қарсаңында танымал суретшілер тарту еткен. Майлы бояудан салынған. Бір картинада батырдың бейнесі, біреуінде өмірлік жары Шынар анамыз, тағы бірнеше картинада қазақ батырларының жорық кезіндегі, шайқас кезіндегі суреттері бейнеленген. Батырдың жары ажарлы, қайратты жан болғанын тарихтан білеміз. Шынар анамыздың ерлігін дәріптейтін ел аузында жүрген өңгіме де бар. Біле білсек, «Шынаркөлдің» атауы осы кісінің есімімен байланысты.


Бұл музейдің алғашқы директоры – Жоламан Алданазаров. Бұл кісі де тегін адам емес. Атақты батырдың тікелей ұрпағы. Қанша жыл осы музейді басқарды, – дейді музей қызметкері.

Тарихтан сыр шертетін көне жәдігерлердің ішінде ең алдымен біздің көзімізге түскені – Бұқарбай батырдың бір жарым ғасырға жуық уақыт бұрын жорықта пайдаланған қайық қылышы. Қолымызға алып көрдік. Осыншама уақыт өтсе де, сыны кетпепті. Жақсы сақталған деуге болады. Жүзі өлі де өткір. Қылыштың салмағы да әжептәуір ауыр екен. Қыны ағаштан жасалғанға ұқсайды. Қолымызға алып тұрып «Осы қайық қылышпен батыр бабамыз ұланғайыр жазиралы даламызға көзін сатқан жауды талай мәрте жержастандырды-ау. Осы қылышпен елін, жерін қорғап, бізге бейбіт күннің таңын атырып кетті-ау» деп баба рухына еріксіз алғыс айттық. Мұнымен қоса музейде сонау XVIII-XIX ғасырлардағы темір қалқан, шапқарты аңшы мылтығы және Нұрмағанбет Оспанқұловтың шоқпары тұр. Бұқарбай батырдың шашақты тұы, күмістен жасалған мөрі, өзінің қызына дүние есебінде берген оюлы сандығы да осында сақтаулы. Күмістен соғылған мөрінің ортасында арап әріптерімен жазылған сөз бар. Мұзей қызметкерінен сұрағанымызда бұл жазудың мағынасы «Бұқарбай баһадүр» дегенді білдіретінін айтты.

Екінші залдың төрінде орналасқан қабырғада Батырдың суреті бейнеленген тоқылған кілем ілулі тұр. Оның қасында Бұқарбай батырдың мүсіні орналасыпты. Бұл мүсінді батырдың мерейтойында Тереңезек ауданының мүсіншісі Жәккен Смағұлов арнайы жасаған екен. Гипстен құйылған, сырты сырланған. Көлемі аса үлкен емес. Батырдың сауыт-сайманын асынып, жорыққа дайындалып отырған бейнесі бейнеленген.

## Қара шаңырақтың қасиеті бар

Жалпыадамзаттық жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу қиындап бара жатыр. Бірақ ықылас пен ынта болса, оның түрлі жолы бар екен. Сөзіме дәлел ретінде өзім күү болған жайтты айтайын. Бірде қалада тұратын туысқан інім маған үйінің бір бөлмесін қазақы нақышта безендіргісі келетінін айтты. Кәсіби шеберлерге әлгі бөлменің қабырғасына уықтың, төбесіне шаңырақ пен көк аспанның суретін салғызып қойыпты. Енді сол бөлмені ұлттық жиһаздармен жабдықтағысы келеді екен. Тұрмыс-салтымызға сәйкес төрге тұтылған түскиізге домбыра мен қамшы іліп қоятынын да айтты. Мен көдімгідей қуанып қалдым және інімнің ойға алған ісін құптадым. Қосымша біршама кеңес те бердім. Жаңа заманның технологияға жүктелген жеңіл тұрмысы ұлттық кодымызды жадымыздан көмескілеп өшіруге айналғанда мынау таптырмайтын тәсіл.



«Сәндік үнін немесе әлдекімдерге әліпткеніміз емес, ұрпағымыздың қамы ғой. Жасыратын несі бар, қалада өсіп келе жатқан балаларымыз отбасымыз қазақы тәрбие берсем де, қоғамдағы ортасы басқа. Үлкендерімді айтағанда, балабақшаға баратын кішкентай ұл-қыздарым аулада ойнайтын өз қатарлы балалармен орысша шұлдирлеседі. Барлығы орыс тілді болған соң амалсыз үйренуіне тура келеді ғой енді. Тым болмаса сол кішкентайларым ауылда өзіміз өсіп-өнген қазақы үйдің қандай болатынын біліп, аурасын сезініп өссін деген ниет қой, ағам дейді өлгі інім...»

Бүгінгі тақырыбымыз бөлшек, кейіпкеріміз де басқа кісі. Тек мақаламызға түздік болсын деп айтып отырмыз. Аудан орталығында бір ерекше үй бар. Ерекшелігі сол бұрышы жоқ, шеңберлеп салынған баспана. Кііз үй деп ойлап қалуыңыз мүмкін. Жоқ! Іргетасын құйып, еріп тұрғызылған кесек үй. Кент орталығындағы киіз үй

үлгісінде салынған бұл баспана Төле би көшесінде орналасқан. Иесі – Асыл Ағамыз. Зейнет жасындағы Асыл ағамыз бүгінде Алматы қаласында тұрады екен. Телефон нөмірін тауып алып, хабарластық.

«Қазақта «қарашаңырақ» деген қасиетті ұғым бар ғой. Атаңнан өкпенен қалған әжелерің мен шешен ошағының отын жағып, ішіңе береке үйірген қарашаңырақ бар қазақ үшін кастерлі. Қазақ баласының барлығы сол қасиетті қарашаңырақтың жылуымен өсіп-өнді. Өзіміз қара шаңырақтан өнші алып көткенімізбен, кіндігіміздің бір ұшы сол үйдің табалдырығының астында жатыр. Сондықтан қай қиырда, қай қианда жүрсең те, өзіміз жетілген сол құтты шаңырақты ұмытпауға тиіспіз.

Расында, ерекше үйдің қабырғасы дөңгелек, төбесі күмбез пішінді қияпалы көтерілген. Қабырғасы тұтас қан кесектен өріліп, өзге беліктеріне заман талабына сай сапалы әрі жеңіл құрылыс материалдары қолданылыпты. Шеңберлі үй: қосымша кірер ауыз бөлме, кең қонақ бөлме, ас бөлме, жатын бөлме және жуынатын бөлмеден тұрады. Табиғи газ кіргізілген, жылу жүкесі арқылы жылытылады екен. Керегенің орнына үш қатар басқұр ұсталған, уықтар және шаңырақ

бейнеленген. Ашық жерлері ою-өрнекпен әдіптеліп көмкерілген. Сықырлауық қос есік бар. Шаңырақтың ошағын жағып отыру көнже балаға аманатталғанымен, оның күтімі, амандығы сол үйде өсіп-өнген барлық ұл-қыза ортақ міндет. Сондықтан мен әке-шешем отырған ескі баспананы бұзып, орнына жаңа әрі ерекше үйдігі үй салғым келді. Сыртқы пішіні киіз үй тәрізінде болғанымен, ішкі бөлмелері замануи үлгіде жетілдірілген, – дейді Асыл ағамыз.

**Меншік иесі:**  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор**  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
**Бас редактор**  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

**Телефондар:**  
**Бас директор - 8(7242) 70-00-36**  
**Бас редактор - 32-0-41**  
**Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қолтаңбасында 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркелді. №17662-Г куәлігі берілген.  
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
**Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.**  
**Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.**  
**Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.**  
**Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сөмкерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 87242/40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Таралымы 3075 Тапсырыс № 1870**  
**Кезекші редактор: Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ**